

## Ақбұлым ауылының шекарасын өзгерту туралы

Жамбыл облысы Жамбыл ауданды әкімдігінің 2009 жылғы 14 шілдедегі N 360 Қаулысы және Жамбыл аудандық мәслихатының 2009 жылғы 21 шілдедегі N 21/9 Шешімі. Жамбыл облысы Жамбыл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 21 тамызда 88 нөмірімен тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Қазақстан Республикасының Жер кодексі» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Кодексінің 108-бабының 5-тармағына және «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12-бабының 3) тармақшасына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ**:

1. Мемлекеттік жер қоры жерінен әкімшілік шекарасына жалпы көлемі 14,22 гектар жер қосылып Жамбыл ауданына қарасты Ақбұлым ауылының шекарасы өзгертілсін.

2. Осы бірлескен кесімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р. Сейітовке және аудандық мәслихаттың тиісті тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы бірлескен кесім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жамбыл ауданының  
әкімі:*

*М. Дүйсембаев*

*Ә. Мәнтеев*

*Жамбыл аудандық  
мәслихат хатшысы:*

*Ж а м б ы л                      а у д а н д ы қ  
м ә с л и х а т                      с е с с и я с ы н ы ң                      т ө р а ғ а с ы :*

*А. Жұмаханов*